

Мемлекеттік тіл – халықты топтастырушы фактор



2-БЕТ

Ел болам десен, бесіңді түзе!



3-БЕТ

Қоғамдық бірлестіктерді тіркеудің тәртібі бар



8-БЕТ



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№47 (3676)  
25 маусым 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚОҒАМҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



Қоғам арасында ең қызу талқыланған құқықтық құжаттың бірі – «Масс-медиа туралы» заң. Ақпарат айдынының тізгінін ұстаған журналистер қызметімен өзектес болғандықтан, бұл заң жобасының дайындалуына тілшілер қауымы белсене атсалысты. Құжат сапалы, сауатты дайындалып, ақпарат өкілдерінің құқықтық, әлеуметтік жақтан қорғалуына, түрлі қысымдардан азат болуына негіз қалайтын басымдықтардың заңнан көрініс табуына журналистер қауымы барынша ден қойды. Міне, осы талас-тартыс тудырған жаңа заңға ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды.

(Соңы 3-бетте)

Мұхтар ПӘРМЕНОВ, Атырау облыстық сотының төрағасы:

### «СОТ АКТІЛЕРІНІҢ 99 % ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ЗАҢДЫ ШЫҒАРЫЛҒАН»

– Мұхтар Абайұлы, сот қызметі – туралық пен төреліктің ордасы. Бүгінде төрелік алаңында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың сот төрелігі әділ болуы үшін судьялар корпусын жаңарту, судьялар қатарына білікті мамандарды іріктеу қажеттілігі туралы бірқатар тапсырма бергені мәлім. Осы тапсырмаларды орындау мақсатында Жоғарғы Сот тарапынан көптеген іс-шаралар атқарылды. Судья боламын деген үміткерлерге қойылатын талаптар өзгертілді. Аудандық соттың судьясы болып отыз жасқа толған; жоғары заң білімі бар, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар; біліктілік емтиханын тапсырған; медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруға келтіретін ауруларының жоқ екендігін растаған; негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін тағылымдамдан ойдағыдай өткен және тағылымдама қорытындысы бойынша соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған; «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» заңында көзделген жағдайларда полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады. Ал судьяларды іріктеуді дербес мемлекеттік орган – Жоғарғы Сот Кеңесі жүзеге асырады. Бұл органның төрағасы мен мүшелерін Президент тағайындайды. Кеңес мүшелері қатарында судьялар, адвокаттар, заңгерлер қауымының өкілдері бар. Сондай-ақ Жоғарғы Соттың төрағасы, Бас Прокурор, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің тиісінше тұрақты комитеттерінің төрағалары лауазымы бойынша Кеңес мүшесі бола алады. Біліктілік емтиханын тапсыру кезінде үміткерлер психологиялық тестілеуден өтіп; Қазақстан Республикасының заңнамаларын білетінін компьютерлік тестілеу барысында көрсетуі керек. Сондай-ақ эссе жазып; сот практикасынан жағдайларды модельдейтін есептерді шешу (кейстегі есептерді шешу) негізінде үміткердің меңгерген білімін практикада қолдану қабілеті тексеріледі. Біліктілік емтиханы кезеңдерінде комиссия мүшелерімен әңгімелесу жүргізіледі. Айта кету керек, мұндай іріктеуден өткен үміткерлердің саны азаяды, себебі оларға қойылатын талап өте жоғары. Бірақ сынақтан өтіп, судьялық лауазымына тағайындалған азаматтардың лайықты екенін атап өтуге болады.

(Соңы 5-бетте)

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

## СУИЦИД – ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ ЕМЕС

Бүгінгідей ақпараттық заманда өз-өзіне қол жұмсағандардың әрекетін жасырын ұстау мүмкін емес. Жалпы, суицид мәселесімен қалай күресу керек? Адамды ажалына асықтыруға ықпал ететін не? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Психологиялық қолдау қызметі» бөлімінің жетекшісі Саида Қосбаймен тілдескен едік.

– Саида Досқарақызы, алдымен адам неліктен өз-өзін өлімге қиятындығын түсінуге тырысып көрсек. Адамды ажалына асықтыруға ықпал ететін қандай жағдай?

– Адамның өмірі – ең құнды дүние. Алайда суицидтің белең алған кезеңінде, өкінішке қарай, адамдар ең құнды өміріне балта шабуға. Өзін-өзі өлтіру (суицид) – жаһандық мәселе. Бұл ауыр феномен. Оған әсер ететін факторлар мен себептер әртүрлі. Ол адамның материалдық-тұрмыстық жағдайы, қаржылық мәселе, отбасылық ұрыс-керіс, жұмысынан немесе жақынынан айырылу, алкогольге салыну, тағы басқа жағдаяттар. Сондай-ақ қоғамда орын алып жатқан оқиғалар, ситуациялар

– соғыс, конфликт, дискриминация, қатыгездік те әсер етеді. Бұған қоса, денсаулық жағдайы, психикалық ауытқу, депрессия, зорлық-зомбылық көру, бала кезде алған жан жаракаты, генетикалық биологиялық фактор мен отбасында немесе ортасында болған суицид те ықпал етеді. Тіпті адамды өз-өзіне қол салуға итермелейтін ситуациялар жас деңгейіне байланысты да әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер мұндай жағдайға өзіне деген сенімсіздіктен, махаббат тақырыбындағы болмашы қиындықтан кесірінен баруы мүмкін болса, 21 жасқа дейінгі жастар көбіне қаржылық қиындықтан шығатын жол таппай, тығырықтан шығудың жолы өз-өзіне

қол жұмсау деп қарастыруы ықтимал. Ал 25-тен асқан жастар көбіне отбасылық жағдайдың, яғни ажырасу, қаржылай жетіспеушілік сынды мәселелердің салдарынан өз-өзіне қол жұмсауға барып жатады. Сондай-ақ жастар арасында өз-өзіне қол салуға итермелейтін жағдаяттарға ата-ананың айырылысуы, баланың жеке шекарасына өтіп, оны қорлауы, мектептегі буллинг, кибербуллинг мәселелері де әсер етеді. Денсаулық жағдайына байланысты мүмкіндігі шектеулі жандар да өзін өзгелерге ауыртпалық тудырып жатырмын деп ойлап, мұндай қадамға барып жатады. Жалпы, «адам мына жағдайда өз-өзіне қол жұмсайды» немесе «суицидтің негізгі себебі осыдан болады» деп нақты фактор айта алмаймыз.

– Бұл сонда ауру ма әлде таңдау ма?

– Өзін-өзі өлтіруге, яғни өз еркімен өзіне қол жұмсауға адамдар саналы түрде барады деп айта алмаймын. Жоғарыда айтып өткенімдей, бұған әртүрлі фактор әсер етіп, көбіне депрессияның



соңғы деңгейіне, шарықтау шегіне жеткенде суицид орын алады. Көп жағдайда адамдар қиындықтардан, жеке басында болып жатқан проблемалардан шығатын жол таппай, суицидті тығырықтан шығудың жолы деп ойлайды.

(Соңы 6-бетте)

